

## ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШОҚ ЖИДЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҰРАТ

\*Нұрлыбаева А.<sup>1</sup>, Асылбекұлы С.<sup>2</sup>, Хамимұлыдинова Л.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан,  
[e-mail: max\\_mara\\_88@mail.ru](mailto:max_mara_88@mail.ru),

<sup>2</sup>ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан,  
[e-mail: serik051@mail.ru](mailto:serik051@mail.ru),

<sup>3</sup>магистр, аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Алматы,  
Қазақстан,  
[e-mail: lyailya\\_66@mail.ru](mailto:lyailya_66@mail.ru)

**Андатпа.** Зерттеудің мақсаты – жазушы Кекілбаев прозасы әрбір ұлтқа қатысты бағамдалатын ұлттық рух, мінез, болмыс, ғұрыптық мәдениеті сынды құндылықтарға жауап бере алатын мұра екенін дәйектеу. Осы аталған құндылықтарды автор шығармасының тақырыбы мен идеясы, мазмұн мен пішін бірлігінен ғана емес, жекелеген кейіпкерлері, олардың ішкі әлемі, іс-әрекеті, ықылас-ниеті, ұрпақ алдындағы жауапкершілігі сынды өмірлік амалдары, ұстанған ғұрпы арқылы танып білеміз. Ата мен баланың, өткен мен бүгіннің арасындағы үзілмеген алтын арқауды жеке адамның тағдырымен байланыстыра отырып, тұтас әулетке дейінгі кеңістікті қамтыған.

Зерттеу нысанына алынған жазушы прозасында көрініс тапқан қазақ халқының бойына біткен ұлттық ерекшелігін ашып көрсету зерттеудің ғылыми құндылығын арттырады. Атап айтқанда, әрбір қазақтың өміріндегі басты құндылық саналатын ұрпақ сабақтастығы мәселесі, атадан балаға мирас боп келе жатқан жеті ата дәстүрі, ұлт менталитетіне ерекше тән бауырмалдық сынды асыл қасиеттерінің көркем шығармадағы көрінісі мәселесі сөз болады. Зерттеу пәні ретінде жазушының «Бір шоқ жиде» атты повесі алынған. Зерттеу барысында салыстырмалы, сипаттамалық, талдау әдісі қолданылған.

Мақала авторлары қазақ үшін қасиетті ұғым, түсініктерді, отбасылық, елдік қағидаларды жазушының көркем шығарма желісі арқылы жаңғыртуды, кейінгіге жеткізуді мақсат еткендігін, ізгі мұраттармен сабақтастыруды мұрат еткендігін салыстыру арқылы көрсетеді. Соның ішінде өмірден өткен адамның артында қалған қарызын кешіру немесе ет жақын адамының оны өз мойнына алуы сынды өзара сыйластыққа құрылған керемет бір салты талданып көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде қаламгердің ынты-шынтысымен, перзенттік махаббатпен сүйсіне суреттеген қазақтың құрбандық шалу, қол үздік, ерулік салты, балаға ат қою, оны қырқынан шығару, ер жеткенше жасалатын түрлі кәде-кәуметтерінің ұлттық, этнографиялық, ментальдік маңызын, мәнін саралап көрсетуге қол жеткізген. Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Автор қазақ халқының ұрпақ жалғастығына, артында тұяқ қалдыруға ерекше мән беретін дәстүрді дәріптеумен шектелмей, сол дәстүрдің аясында атқарылар бірқатар салт, наным-сенімдер Тілеубек ақсақалдың драмасы шеңберінде нанымды берілгендігіне ерекше тоқталады. Зерттеу қорытындысында қазақ этномәдениетінің қалыптасу тарихындағы ұлттық құндылықтарымыздың орнын, мәнін түсінуде аталған көркем туындының маңызы зор екені байыпталады. Зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті, мәдениеті мен этнографиясына қатысты ғылым саласында қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** ұлттық құндылық, мәдени код, дәстүр, этнографиялық үрдіс, ұлттық мұрат, ұрпақ сабақтастығы, ұлттық таным, пайым

## **Негізгі ережелер**

Суреткер Әбіш Кекілбаев – үлкен дарын, сан қырлы талант иесі. Әлем әдебиеті құндылықтарын еркін игерген профессионал қаламгер қазақ әдебиетінің бар жанрында табысты шығармалар тудырды. Бүгінге дейін оның жазушылық, ақындық, аудармашылық, публицистік шығармашылығы жан-жақты, терең зерттеліп, көркем сөздің майталман шебері екендігі жөнінде аса бағалы сын мақалалар да, ой толғаулары да, зерттеу әдебиеттері жарық көрді.

## **Кіріспе**

Жазушы туындыларында қазақ жұртының кәсібі, мәдениеті, дәстүрі, ұстанымына байланысты қалыптасқан наным-сенімдері, салт-ғұрыптары дәріптеліп, шығарма жүйесінде танымдық, эстетикалық қызмет атқарады. Қаламгердің көңіл бөліп, айрықша ден қоятыны – шығармасының ұлттық бояуының қанық және шынайы болып шығуы. Ә.Кекілбаев шығармаларының денінде халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мейлінше мол көрініс тапқан. Шығармаларының көркемдік-идеялық байлығы туындының поэтикалық құрылымындағы этнографиялық деректердің молдығы, атқаратын қызметімен де анықталады. Ел ішінің алтын бесігінде тербеліп өскен жазушы халықтың бар дәстүріне қанық болып өскендіктен оны айтпауы, жазбауы мүмкін де емес еді. Ол халық өмірінің іргелі көріністерін бедерлі бейнелеуге ұмтылды. Маңқыстау сынды киелі топырақтың құдіреті санасына сіңді, қазақ даласының жаршысы болды. Тіпті көзінің тірісінде «363-ші әулие» (М.Жолдасбеков) деген атқа ие болды. Бала күнінен қойнауына сыр бүккен құмды өлкенің қырсыры мен құпиясына қанып өсті. Көнекөз шежіреші қарттардың айтқанын көңіліне тоқып, жүрегіне сақтап өсті. Нәтижесінде ұлы даланың өткен тарихынан сыр шертетін қадау-қадау туындыларды дүниеге әкелді. Ол асылдың бәрі алыста, таңсықтың бәрі тасада деп түсінген жоқ. Ұлттық құндылықтарымызды, дәстүріміз бен мәдениетімізді дәріптеу арқылы ұлттық сана ұшқынын қанаттандырып, елдігімізді асқақтатуға талпынды. Қазақ даласы қаншалықты кең болғанымен, заманының соншалықты тар болғанына көзі жетті. Өзінде ой еркіндігі болғанымен, сөз еркіндігі жоқтығын түсінді. Сондықтан сұңғылалығының арқасында қиыннан қиялай жол тауып, қазақ мәдениеті мен этнографиясын дәріптеу арқылы қазақ болашағына қажетті әрі оқырман сұранысын өтейтін туындылар жазып қалдырды. Әрине, оған өз кезегінде автордың кең тынысты шығармашылық шабыты мен қуаты да мол мүмкіндік берді. Ұлттық құндылықтарымыздың эстетикалық қуатын жарқырата көрсету арқылы қазақ әдебиетінің алтын қорын «Үркер», «Елең-алаң», «Аңыздың ақыры», «Күй», «Ханшадария хикаясы», «Бір шоқ жиде», «Бір шөкім бұлт», «Бәйгеторы», «Автомобиль», «Бәсеке», «Құс қанаты», «Тасбақаның шөбі», «Аш бөрі» т.б. сынды қазынамен толтырды.

## **Материалдар мен әдістер сипаттамасы**

Қазақ халқы өзін басқаларға тек ұлттық рухқа толы, ұлттық болмысты бейнелейтін мәдени коды бар төл дүниелерімен ғана таныстыра алады.

Өткенге ғана емес, дәстүрге адал болғанда ғана рухани негізіміз мықты болатыны түсінікті. Ұлттық құндылықтарымызға желісін үзбей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық санамыздың формасы, әлеуметтік жады ретінде қарасақ біз ұтамыз. «Халықтың тарихы мен мәдениетін оқымай, қазақ мәдениетінің адамгершілік, рухани құндылықтарының этникалық дамуының қайнар көздерін түсінбей, ұлттық идеяны анықтау мүмкін емес. Ежелгі қазақ халқының рухани тарихында тарихи үдерістің құндылықты-мағыналық негізін және нақты этноәлеуметтік шынайылықты құрайтын ұлттық идеяның терең бұлағы жатыр. Этномәдениет дамуының ұзақ тарихында жинақталған рухани құндылықтар міндетті түрде жаһандану дәуіріндегі заманауи ұлттық идеяның тарихи-мәдени негізін құрауы тиіс» [1, 91б.].

Жазушы повестің сыртқы композициясында «Не все ли равно, про кого говорить? Заслуживает этого каждый из живших на земле» деген И.А.Бунин сөзін эпиграф етіп ала отырып, өмірден адал еңбегімен күн кешіп, ұрпағының тілеуін тілеп өткен қарапайым зергер шалдың ғұмырын сипаттайды. Автордың шеберлігі сонда – бір ғана шалдың тағдыры арқылы бүтін қазақ халқының келбетін жасап, ұлттық рух, мұрат, ғұрып, салт, мінез-құлқын тұтас көрсете алды.

### **Нәтижелер**

Шығарманың экспозициясы Тілеу ақсақалды о дүниеге шығарып салу рәсімінен басталып, пидия ғұрпы суреттеледі. Пидияны бір өңірде дәуір десе, бір жерде ысқат деп те атайды. Ол – марқұмның артында қалған қарызын кешіру, мойнына алу рәсімі. Мұсылмандардың өлген адамды жерлер алдында артында қалған ұрпақ, ағайын, дос, бауырына, қала берді көп жамағайынға қойылатын екі сұрақты автор бекер енгізіп отырған жоқ. Бірі – ол адамның тірлікте қандай адам болғандығы, екіншісі – ешкімге қарыз болмай аттануы. Міне, адам мейлі қанша ғұмыр кешіп, қанша жас жасаса да оның алдында осы үлкен екі міндет тұрады: бірі – жақсы адам боп ғұмыр кешу, ешкімге қиянат жасамау болса; екіншісі – біреудің ала жібін аттамау, ешкімнен ештеңе алмау, өзіне тиесілі несібесіне қанағат етіп қана өмір сүру. Бақилық болғанға дейін қозының торсығындай кішкене көрігін басып, сексеуілдің шоғына маңдайы шып-шып терлеп, тық-тық темір соғып отыратын, тазалықты сүйетін, жұмыс орны үнемі айнадай жалтырап жататын Тілеу қарт тірісінде ешкімнің бетіне жел боп тиіп, кісі баласын ренжіткен жан емес. Көп сөзге жоқ қарияның үндеместігін досы Күдері ақсақал ғана бетіне басып: «ішің жарылып келгенде, бұл құлағыңды ұрайын, ең болмаса, ерінін қимылдатпайды-ау. Ау, меңіреу, шешен саған талғағанда құдай біледі, сақау біреудің сарқытын жеген» [2, 263 б.] дейтіні сол сөзге жоқтығынан.

Тілеу ақсақалдың үйіне сөйлеп кіріп, сөйлеп шығатын, емін-еркін жүретін құрдасы, кең маңдай, қоңқақ мұрын, алақандай көзі аласы мол, күлте сақал Күдері. Күдері – қазақ шалдарының жиынтық бейнесі. Жол сұрасаң да, жоқ сұрасаң да жөнін білетін, қандай шаруаның да тізгінін қолына алудан тайсалмайтын, қандай тас қараңғы түнде де баратын жерге адастырмай апаратын көкірегі шежіре қарт. Желге қарайды, жұлдызға қарайды, шөптің

түріне, ісіне қарайды, тіпті жата қап топыраққа тілін тигізіп көреді, дала тіршілігінің қыр-сырын меңгерген абыз қария. Отырған жерінде қазақтың арғы тарихын тарқатып, Әнес сақабдан – Алаш, Алаштан – Жайылхан мен Сейілхан, одан – Қазақ пен Созақ, Қазақтан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс қалай тарағанын айтудан шаршамайды.

Тілеу қарттың аталары өз кіндігінен баласы болмаса да жақын туыс, ағайындарының перзентін бауырына салды. Тіпті мүлде жақындығы жоқ жандардың да баласын асырап алғандағы мақсаты біреу ғана. Ол – өзінен кейін ошағын сөндірмей, шаңырағын құлатпай, тұқымын жалғастыру. Бала асырап алудың да қазақта өзіндік ғұрып, жөн-жоралғылары бар. Осы жосынның барлығы жазушы шығармасында Тілеу қарт тағдыры арқылы көрініс тапқан. Байқалатыны – жеті атадан бері жалғыз ұл болып әрең-әрең жалғасып келе жатқан Өтеу әулеті асырап алған балаларын қатарынан кем қылмай, бар қажетін өтеп бағып, өнегелі тәрбие беріп, еңбекқор азамат етіп тәрбиелей білген. Бұл әулетті ұйыстырып, жалғастырып, табыстырып келе жатқан перзентсіздіктің зарын тартқан Өтеу бабаның – «Бебеу» күйі. Бұл күй – әлденеге қатты толқыған адамның ендікпен деміндей әлсіз саз, бірақ шынайы саз. Бебеулеп шығатын күйдің өзі ол әулеттің ұрпақ жалғастығын ойлаған ауыр мұны мен қасіретін білдіреді. Қазақ – баланы басты байлық санаған халық. Шаңырағында баланың көп болуын қалап, жалғыз баласы барларға мүсіркей қарағаны «Бір баласы бардың – шығар-шықпас жаны бар» деуінен аңғарылады. Тілеудің арғы аталары жалғыз болып келе жатыр: Өтеу – Сақтап – Сырттан – Сұрапалды – Тілеу – Тілепалды – Тұяқ. Өзі де жалғыз, соңында қалған ұрпағы да жалғыз болғандықтан, ол артымда қалып, өсіп-өнсін, ұрпағымды жалғастырсын деген мақсатта ұлының атын «Тұяқ» деп қояды.

Қазақ дәстүрінің сакральды сипаты аз айтылып, жазылып жүрген жоқ. Соның ішінде қазақ балаға ат қою рәсіміне де жүрдім-бардым қарамаған. Баланың болашақ тағдыры есіміне байланысты болады деген түсінікпен мағыналы ат қоюға жіті көңіл бөлген. Ұлтымыз үшін ұл бала – шаңырақтың егесі, ұрпақ жалғастығы болып саналған. Егер бір отбасында жат жұрттық есептелетін қыз бала дүниеге келе берсе Ұлбала, Ұлжалғас, Ұлболсын, Ұлжан, Ұлтуған т.б. есімдерін қойып отыру дәстүрге айналған. Халықтық сенім бойынша осылайша атаса келесі дүниеге келетін перзент – ұл болады.

Туындының тағлымды тәлімге толы тұсы – баласынан айрылған қос қарияның бір-біріне деген ықыласы, құрметі деуге болады. Шешек ауруының салдарынан бірінен соң бірі жеті бірдей ұлынан айрылғанда Өтеу атасы бірнеше ай бойы ерін жастанып, ай балтасын құшақтап, іргеге қарап жатып алады. Көкірегін қарс айырып жіберетіндей өксіктен бет-аузы жыбырлап, өне бойы сүлік сорып жатқандай солқылдайтын күйге ұшырайды. Қайғысының ащы зардабы, жеті баланың күйігінен тамағына келген ащы жасты шығарып, зарын айтуға «аты – жаулық» деп әйелінен намыстанады. Бірақ ішкі күйігі жүйке-жүйкесін шымырлатып, шамықтырып, шығуға жол таппай аласұрған, булыққан наладан жүре алмай қалатынын сезгенде ай балтасын қыстырып үйінен шығып кетеді. Содан қу томарды сүйреп әкеліп, қауынның қабығындай жұп-жұқа етіп тіліп, ертелі-кеш су бүркіп, дымқыл топырақпен көміп, тезге

сап түзеп, иінін келтіріп, қырнап-жонып, бір-біріне жымдастырып, күндердің күнінде дөңгелентіп домбыраның шанағын шығарып, бетіне жұп-жұқа қып қақпақ салады. Кенже баласының қазасына жыл толғанда ұзын сап, даңғыра бас, қоңыр домбыраны іргеге сүйеп қойған ақсақал, ор марқаның ішегінен перне жасап, ішек тағады. Ор марқаның етін түгел асып, бейіт басына келіп, қаз-қатар тізілген жеті төмпешіктің бірінен соң біріне жеп тізерлеп құран оқиды. Жабулы табақтың бетін ашып, бір-бір шұқып «тие берсін» деп ауыз тиеді. Дәм тататын басқа ешкім жоқ болғандықтан, иіс қып әкелген бір табак етті моланың басына тастап кетеді.

Шығармада автор басты кейіпкерінің психологиялық жағдайына да ерекше көңіл бөледі. Ол үшін ұлтымыз үшін құндылық саналатын домбыра деталін сәтті енгізген. Трагедия арқалаған кейіпкеріміздің досы да, сырлас, мұңдасы да – қазақтың қара домбырасы. Күн сайын Өтеу қарт іштегі зарын азайтып, шерін тарқату үшін бебеулетіп домбыра тартып, көкірегінде тұнған ащы өксікті сыртқа шығарудың жолын тапты. Өкінішке орай, қарттың сай-сүйегін сырқыратқан уайымы жеңілдеп, тұманданған жанары ашылайын дегенімен, кемпірінің күйіне байланысты бұл да тынды. Осылайша жылдар бойы көкірегіннің басын кемірген ащы запыран күй түрінде сыртқа ақтарылып жатқанда, күй зарына шыдамай теңселіп жылап отырған кемпірін көрді де, домбыраны тізесіне сап морт сындырады. Көзінің жасын ешкімге көрсетпеген ақсақал көңілінің зарын да ешкім естімеуі керек деп қатаяды. Бірақ, әрине, жүрегіне ұялаған зіл батпан қайғы еңсесін көтертпей, дәл өңменінен қадалған шаншудай көкірегін тесіп шықпаса тынбайтынын сездірді. Содан көп шыдамай тұл отаудың бірінен сағанақ қақыратып алады да, сырнай жасап алып, кемпірі тезек теруге кеткенде сырнайын тартып, шер тарқатып алады. Бір-біріне деген құрметтің мұнан асқан үлгісі болуы мүмкін еместей. Кемпір шалының құпиясын білмегендей боп, күн сайын сылтауратып тезек теруге кетіп қалып жүреді. Бірақ сұңғыла шалы кемпірінің әрекетін түсініп қойып, енді өзі сырнайын алып, жиделі тепсеңге кететін болды. Дініне берік кәрі батыр оңаша бұлақ басында құмарынан шыққанша сырнайын шалып, үйіне қайтатын болды. Қарияның үйіне де әкелмей, тоғайдағы көне әулиеге асырып жүрген сырнайы түйекеш баланың қолына түсіп, оның зары мен сыры Өтеудің інісі Ақпанның құлағына жетеді. Ақпан қайғының қамытын мойнына ілген қайсар ағасына өзінің бір баласын береді, оның атын Сақтап қояды. Сақтап баласы ат жалын тартып мініп, өз қолы өз аузына жеткенін көргенде ғана кескен теректей бір-ақ құлап, содан тұрмайды. Сонда Өтеу ақсақалдың мықтылығы, дінінің беріктігі сонша – баласы есейгенше сыр бермей жүреді, ұрпағының өлмейтініне көзі жеткенде өз миссиясының аяқталғанын түсінеді, сөйтіп өлімге беріледі. Сақтап та Өтеу бабасының қара жердің көкірегін қарс айырып шығып жатқандай күңіренген өксік үнге толы «Бебеу» күйін кейінгі ұрпағына жалғастырады. Бірақ, өкінішке орай ділмарлығының кесірінен бір бақсыға тілі тиіп, қарғысқа ұшырайды да, баласы тұрмай, көп зардап шегеді. Алпыс жасында көрген соңғы нәрестесін қырық қазанның астынан өткізіп, қырық әйелдің емшегін емізіп, жаңа күшіктеген қызыл қаншықтың бауырына тастап, атын Сырттан қояды. Сырттан бес әйел алса да бала сүймей, оң жақта

отырып, жүкті болған қыздың сәбиін бауырына салады, ол – Сұрапалды аталары. Сұрапалды да перзентсіз болып, қайын жұртынан ұл алып бауырына басады. Ол – Тілеу, Тілеудің жалғыз ұлы Тілепалды соғыстан оралмады. Осылайша, қара шаңырақтың астына қияласып қосылған құрамыс әулет бір перзенттен артық бала сүйе алмай, пұшайман болады. Осының бәрін ой елегінен өткізіп жатқан Тілеудің көкірегі әлем-жәлем боп, жұртта қалған ақсақ иттей ұлып қоя береді. Тылсым тыныштықтың өзі жанын жеп, «бүрге боп жабылғандай тұла бойын түршіктіріп жібереді» [2, 275 б.].

Артында ұрпақ қалғанын, ұл сүйіп, шаңырағының ортасына түспегенін қалайтын қазақ шалының ой-толғамдарында өмір туралы үлкен философия жатыр. Оның пайымында, әрбір еркек үшін атамекенінде басы қарайып ұрпағы жүргеннен ғанибет ештеңе жоқ. Дүниедегі ең мағыналы нәрсе – бала сүю, оны адалдыққа тәрбиелеу. Арттағы ұрпаққа қалдырар ең үлкен мұра – тіршілік алдындағы адалдық, ешкімнің ала жібін аттамай, өз ырзығын адал айыруға үйрету. Дүниенің берекесі әрбір пенденің өз басын адал күйттеп, басқаның бағы мен ырзығын қызғанып, көз алартпай, өз шаңырағында әулетінің қамын жеп, амандығын тілегенінде. Артынан перзент ермеу – адамның бүкіл өмірін, жүріс-тұрысын қара суға теріс ағызғандай мәнсіздендіріп жіберетінін автор жете түсіндіреді.

### **Талқылау**

«Перзентсіздік зары фольклорда архаикалық сарындардың бірі болып саналады. «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларында бас кейіпкердің әкесі артында мұрагері жоғын ойлап, қайғырып, әулие-әмбиелерге тәу ету үшін ұзақ сапарға шығады. Сондағы ой – ешкімнен қу бас деген сөзді естімеу сияқты көрінеді. Дегенмен ежелгі дәуірлерде баласыздық күнәлі болумен байланысты деп қабылданған. Фольклорлық шығармалардағы ұлы не қызы жоқ адамдарға қара қойдың еті беріліп, қара киіз төселуі, тіпті кейде орын жоқ деу осындай түсініктің салдарынан. Орта ғасырларда әрине, бұл түсінік дәл осы мағынадан түпкілікті ажырап кетпесе да, жалғызбасты қалу мін сияқты сақталып қалды» [3, 212 б.]. «Айман-Шолпан» жырындағы батырдың ұлы жоқ болғаны үшін ақ киіз үйге емес, қара құрым киіз үйге отырғызылуы да – ұл баласының болмауы салдарынан.

Тілеу ақсақалдың түсінігінде оның бағының жанғаны – ертең өлгенде артынан іздеп келіп, ұрпағының бір уыс топырақ салғаны. Тірісінде көзін қуантып, өлігінде аруағын ырзалайтын перзенттен қадірлі ештеңе жоқ. Біреуі жеңіне, біреуі етегіне жармасып, жан-жағында қара домалақ баланың қаптап жүргенін аңсайды. Ол үшін жалған тіршіліктің бір ғана баяны бар, ол – шолақ дәуренде ерні тұшып перзент сүю ғана. Өзекті жанның алдындағы жалғыз ұтысы – ұрпақ қана. Оның тірі жүргендегі мақсатының өзі – артында қалар ұрпаққа ырзық болатын дүниені табу, қалдыру ғана болатын.

Шығармада көрініс тапқан тағы бір құндылық – қазақтың ем-домы. Шілде түсіп, күн қатты ысып кеткенде сәби қатты қызулап, өн бойы албырап, екі көзін аша алмай, ыңқылдаған дыбысы кемпір-шалдың сай-сүйегін сырқыратып қатты ауырып қалады. Сонда Тілеу қазақтың бұрынғы ем-домын

жасап баласын бір-ақ күнде жазып алады. Ауыл сыртындағы ажырығы мол кара қолатқа қақпан құрып, қарақұйрық ұстап әкеледі. Баласын тыр жалаңаш шешіндіріп, төрт аяғын тас қып буған қарақұйрықты тас төбесіне көтеріп апарып, кеңірдегінен орып жібереді. Сау ете қалған бауыздау қан жас баланың тәніне тигенде күйген бауырдай дірдектеп ұйып түседі. Содан соң баланы жел тимейтіндей етіп қымтап орап, жатқызып қояды. Аздан соң ерні кезеріп жатқан сәби бұршақ-бұршақ боп терлейді. Моншақтап терлеп жатқан баласына қарап отырып: «қозының жас қаны балаға ауырлау еді. Қарақұйрықтың жылы қаны тұла бойындағы қызғынды қазір-ақ сорып алады» деп қуанады [2, 296-297 б.]. Тілеудің Тұяқ дегенде шығарда жаны басқа, мәпелеген ықыласы ерекше. Тұсау кесу, сүндет той, мектеп бітіру тойы, оқуға түсу үшін Алматыға екі рет оқуға барып қайтуында да, әскерге кеткенде де мал сойып, құдайы тамақ беру бұл отбасының жазылмаған заңы-тын. Өйткені, адамның ізі – белінен өрген перзенті ғана. Перзенті үшін ештеңе аямақ емес.

Шығармада *құрбандық шалу* салты да айтылып өтеді. Құрбандық – құдайға құлшылық ету ниетімен мал шалу жосыны. Құрбандыққа сойылатын малдың басын құбылаға қаратып, алақанын жайып: «О, жасаған, аруақтарға бағыштаған ай мүйізді, аша тұяқты, жұпар иісті ақ, адал малымды қабыл ала көр!» деп бетін сипайды да, «бісміллә» деп тамақтың астынан орып жібереді. Аузына берік сырбаз кісінің бауыздаған малы тырп етпей, тұяғын бір серпеді және оның бауыздау қаны жан-жаққа шашырамай, ұйып түседі.

*Қолүзік салты.* Күзде жоғалған түйесін іздеп шыққан адай шалы Тілеу үйіне түсіп, қонақасын ішкен соң, шебердің жасаған домбырасын алып күй тартады. Еңгезердей қонақтың тартқан күйінен шыққан қоңыр әуез сытыр-сытыр жауған күзгі жаңбырдай тыңдаған жанның сүйек-сүйегін үнгіп, бәрі сөзден де, қимылдан да тыйылып, елтіп қалады. Одан майда сазды басқа әуенге ауыстырып, қара жер тітірейтіндей алапат үн шығарады. Өжектеген өткір күй безек қағып, үйдегі тыңдаушылар арбалған торғайдай күйшіден көздерін айыра алмай қалады. Тыңдаушылардың күйді соншалықты ұйып тыңдауы тартушының шеберлігімен қатар, аспаптың да артықшылығынан екенін келген қонақ жақсы түсінеді. Даусы анық шығып, кепкен ағаштан жасалғанын білгендіктен «домбыранды маған қи» деп сұрағанда Әлімнің аулынан алып қайтқан «қолүзігім» болсын деп қазақ салтын көлденең тартады. Оның орнына жоғалған түйесін беретінін айтады. Өйткені түйе малы ешқашан басқа жерге жерсінбейтін ерекше қырын қазақтар жақсы біледі. «Қолүзік» салтын айтқан соң Тілеу қарт қарсы келе алмайды. Оның үстіне қонағын құдайындай қадірлейтін қазақ оны тек аспен сыйлаумен шектелмейді. Ел арасында «Асыңа тойғызбасаң да ниетіңе тойғыз. Берген ас түске жетпейді, ниет естен кетпейді» деген нақыл сөздің кең таралуы осы орайдан. Қонақты ризашылықпен шығарып салуды әр қазақ өз міндеті санаған. Күдері қария газ құбырына қарауыл болып тағайындалып, Тілеу қарттың жанына көшіп келгенде ол бір тоқтысын сойып, оған *ерулік* береді.

## Қорытынды

Түйіндей келгенде, жазушы қазақ дәстүрі мен мәдениеті үлгілерін көркем шығарманың мазмұн тұтастығы мен пішініне, композициясы мен сюжетіне жымдастыра кіріктіру арқылы прозасының тәрбиелік, тағылымдық қуатын арттырды. Халық тұрмысындағы этнографиялық үрдістерді өз туындыларында шеберлікпен пайдалана білді. Жалған идея, құрғақ уәде, жалаң ұранмен өмір сүріп жатқан қазақ қоғамына сан ғасырдан бері қалыптасып, қанына сіңген ұлттық құндылықтарын там-тұмдап болса да бойына сіңіруге тырысты.

Суреткер туындыларында суреттелген дүниелер қазақтың ертедегі наным-сенімі мен таным сипатын, ұлттық рух тіршілігінің маңызды қырларын ашып көрсетеді. Аңғал да кеңпейіл жұртының жатқа есесін жібермей, іргелі ел болуының бірден бір жолы – өткен тарихын жетік білуі екенін автор жақсы түсінді. Кеңестік дәуірде өз тарихын толық білмейтін (*тәуелсіздік алғанға дейін қазақтар «Қазақ тарихы» деген пәнді оқыған да жоқ*) ұлты үшін жазушының әрбір дүниесі құнды болып, халық жүрегінен орын алатынын білген Ә.Кекілбаев көтерген жүгінің қаншалықты ауыр әрі маңызды екенін түсінді. Қазақ оқырмандарының сезім-түйсігіне әсер етіп, жанын оятып, тебірентетін туындылар жазуды алдыңғы орынға қойды. Оның өз туындылары арқылы қазақ әдебиетінде бірінші болып билеуші-әміршілер мәселесін енгізуі де мақсатқа негізделген. Ақсақ Темір, Шыңғыс хан, Тәуке хан, Әбілқайыр сұлтан бейнелерін сомдау арқылы ұлт тарихының өткен сілемдерін жандандырды. Ф.Стоваллдың «Американы ұғыну үшін Эмерсонды ұғыну керек» [4] деген қанатты сөзін ойға ала отырып, қазақты тану, таныту үшін де жазушы Ә.Кекілбаев шығармаларын оқу қажет екендігі даусыз. Оның туындылары қазақтану, ұлттық рухты беру шеберлігінің шырқау шыңына шыққандығын онда тұнып тұрған ұлттық құндылықтарымыз растайды. Ол ұлттық құндылықтарымызды өзінше барлап, көкірегіне тоқып, кеменгерлік қазанында қайнатып, көркем сөзбен безбендеп оқырмандарына ұсынды. Шығармаларына сюжет, деталь, композициялық тұрғыда ғана енгізуді жоспарламай, ұлт ерекшелігін ұлттық рухта тамсана сипаттады.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Абдигалиева Г.К., Кошчигулова К.И. Национальная идея и ценности этнокультуры // Әлемдік және Қазақ философиясындағы антропологиялық дискурс. Философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. –Б.91-96.

[2] Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – Т.2. 1999. –400 бет.

[3] Қазіргі әдебиет және фольклор. Монография. – Алматы: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2009. –221 бет.

[4] Stovall F. American Idealizm. Norman. P.124. 1943.

#### REFERENCES

[1] Abdigalieva G.K., Koshchigulova K.I. Nacionalnaia ideya I cennosti etnokultury (National idea and values of ethnoculture// Anthropological discourse in world and Kazakh



philosophy. Proceedings of the international scientific conference dedicated to the 60th anniversary of Doctor of Philosophy, Professor Zhakypbek Altayev). Almaty: Kazakh University, 2008. P.91-96. [In Rus.].

[2] Kekilbaiuly A. On eki tomdyk shygarmalar jinaǵı (A collection of works in twelve volumes). Almaty: Ulke" publishing house, T.2. 1999. 400 pages.[In Kaz.].

[3] Kazirgi adebiet jáne folklore (Modern literature and folklore. Monograph). Almaty: M. Auezov Institute of Literature and Art, 2009. 221 pages. [In Kaz.].

[4] Stovall F. American Idealism. Norman 1943. P.124.

## **НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ В ПОВЕСТИ "БИР ШОҚ ЖИДЕ" АБИША КЕКІЛБАЕВА**

\*Нурлыбаева А.М.<sup>1</sup>, Асылбекулы С.<sup>2</sup>, Хамимульдинова Л.<sup>3</sup>

\*<sup>1</sup>PhD докторант, КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан,  
[e-mail: max\\_mara\\_88@mail.ru](mailto:max_mara_88@mail.ru),

<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор, КазНПУ имени Абая, Алматы,  
Казахстан,

e-mail: serik051@mail.ru,

<sup>3</sup>магистр, старший преподаватель КазУМОиМЯ,

[e-mail: lyailya\\_66@mail.ru](mailto:lyailya_66@mail.ru)

**Аннотация.** Цель исследования – показать, что проза писателя Кекильбаева – это наследие, в котором отражены такие ценности, как национальный дух, характер, природа, обрядовая культура, характерные для любой нации. Эти ценности мы распознаем не только в единстве темы и идеи, содержания и формы авторского произведения, но и через жизненные практики и обычаи отдельных героев, через их внутренний мир, поступки, намерения, ответственность перед поколением. Неразрывная золотая нить между отцами и детьми, между прошлым и настоящим связывала целые династии, соединяя ее с судьбой отдельного человека.

Объект исследования – раскрытие национальной идентичности казахского народа, отраженной в прозе писателя, повышает научную ценность исследования. В частности, речь идет о проблеме преемственности поколений, которая является главной ценностью в жизни каждого казаха, о незабываемых традициях семи предков, передающихся из поколения в поколение, о проявлении в художественном произведении благородных качеств, таких как братство, присущих казахскому менталитету. В качестве предмета исследования взята повесть писателя "Бір шоқ жиде". В исследовании использовались сравнительный, описательный методы, метод анализа.

В результате исследования в статье было показано национальное, этнографическое, ментальное значение казахского обряда жертвоприношения, традиции ерулик, наречения ребенка, празднования сорока дней со дня рождения, различных обычаев, совершаемых до совершеннолетия ребенка, которые писатель в своем произведении описал с энтузиазмом и любовью. Это свидетельствует о практической значимости исследования.

В статье авторы не только описывают традиции казахского народа, придающего особое значение продолжению рода, рождению сына, но и ряд обычаев, верований, сформировавшихся в рамках этих традиции, убедительно переданных в рамках драмы одного только Глеубека аксакала. В заключении исследования отмечено, что данное художественное произведение имеет большое значение для понимания места и значения национальных ценностей в истории становления казахской этнокультуры. Результаты исследования могут быть использованы в таких областях науки, как казахская литература, культура и этнография.

**Ключевые слова:** национальные ценности, культурный код, традиция, этнографический процесс, национальные идеалы, преемственность поколений, национальное знание, мнение

## THE NATIONAL IDEA IN THE STORY "BIR SHOK ZHIDE" BY ABISH KEKILBAYEV

\*Nurybayeva A.<sup>1</sup>, Assylbekuly S.<sup>2</sup>, Khamimuldinova L.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student, KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan,  
[e-mail: max\\_mara\\_88@mail.ru](mailto:max_mara_88@mail.ru),

<sup>2</sup>professor, doctor, KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan,  
[e-mail: serik051@mail.ru](mailto:serik051@mail.ru),

<sup>3</sup>master of philology, Kazakh Ablaikhan University international relations and  
world languages, Almaty, Kazakhstan,  
[e-mail: lyailya\\_66@mail.ru](mailto:lyailya_66@mail.ru)

**Abstract.** The purpose of the study is to show that Kekilbaev's prose is a legacy that can provide comprehensive answers to questions of national value, national spirit, national character, national identity, national identity, ritual culture. We learn these values not only in the unity of the theme and idea, content and form of the author's work, but also through the life techniques, traditions and customs of individual characters, their inner world, actions, intentions, responsibilities to the next generation. An inextricable golden thread between father and child, between past and present, connected entire dynasties, connecting it with the fate of the protagonist.

The scientific value of the study lies in the disclosure of the national characteristics of the Kazakh people, reflected in the writer's prose, which is also the object of the study. In particular, we are talking about the problem of continuity of generations, which is the main value in the life of every Kazakh, about the unshakable traditions of the seven ancestors, passed down from generation to generation, about the manifestation of noble qualities in a work of art, such as brotherhood inherent in the Kazakh mentality. The writer's story "Bir Shoq Zhide" is taken as the subject of the study.

In the article, the authors, using the methods of comparison and analysis, show that the writer, through his works, sought to revive, convey to the next generation the concepts considered sacred for the Kazakhs, family and national traditions, such a wonderful tradition based on mutual respect as forgiveness of the debt left by the deceased is analyzed. person, or when this debt is assumed by his close relative. As a result of the study, it was possible to analyze the national, ethnographic, mental significance and essence of various rituals of sacrifice, naming a child, celebrating 40 days from the birthday, various customs performed until the age of majority of a child, which the writer described with enthusiasm and love. This indicates the practical significance of the study.

In the article, the authors not only describe the traditions of the Kazakh people, which attach special importance to procreation, the birth of a son, but also a number of customs and beliefs made within the framework of these traditions, well conveyed within the drama of Tleubek aksakal alone. In the conclusion of the study, it was noted that this work of art is of great importance for understanding the place and significance of national values in the history of the formation of the Kazakh ethnoculture. The results of the study can be used in such areas of science as Kazakh literature, culture and ethnography.

**Keywords:** national values, cultural code, tradition, ethnographic process, national ideals, succession of generations, national knowledge, opinion

*Статья поступила 02.04.2022*